

Пациент қауіпсіздігі картасы

ФАБХАЛЬТА препаратын қабылдайтын пациенттер үшін қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат

Осы дәрілік препарат қосымша мониторингті қажет етеді. Бұл қауіпсіздік бойынша жаңа ақпаратты тез анықтауға мүмкіндік береді. Медициналық қызметкерлерден кез келген күдікті қолайсыз реакциялар туралы хабарлауды сұрайды.



Емдеу барысында иммундық жүйеңіздің белгілі бір бактериялық инфекцияларға (атап айтқанда, инкапсулаланған бактериялардан туындаған инфекцияларға) қарсы күресу қабілеті төмендеуі мүмкін.

Бұл инфекциялар менингитті, пневмонияны, сепсисті және басқа да өмірге қауіп төндіретін инфекцияларды тудыруы мүмкін. Егер оларды анықтамаса және ерте сатыда емдеуді бастамаса, олар өлімге әкелуі мүмкін.

Емдеу кезінде және препараттың соңғы дозасын қабылдағаннан кейін екі апта ішінде осы картаны әрқашан жаныңызда ұстаңыз және оны емделуіңізге қатысатын кез келген медициналық қызметкерге көрсетіңіз.



ЕГЕР СІЗДЕ АУЫР ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН КЕЛЕСІ СИМПТОМДАРЫ БАЙҚАЛСА, ДӘРІГЕРГЕ ДЕРЕУ ХАБАРЛАҢЫЗ ЖӘНЕ ОСЫ КАРТАНЫ КӨРСЕТІҢІЗ:

Безгек

- қалтыраумен/дірілдеумен бірге немесе оларсыз
- бас ауырумен бірге
- бөртпемен бірге
- кеудедегі ауырсынумен және жөтелмен бірге
- еңтігумен / тыныс алудың жиілеуімен бірге
- жоғары жүрек соғысы жиілігімен бірге

Бас ауыру

- жүрек айнумен немесе құсумен бірге
- мойын немесе арқа бұлшықеттерінің тырысуымен бірге

Сана-сезімнің төмендеуі

Тұмауға ұқсас симптомдары бар денедегі ауырсыну

Тершендік

Көздің жарыққа сезімталдығы



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

Осы пациентке пароксизмалық түнгі гемоглобинурияны (ПТГ) емдеу үшін ФАБХАЛЬТА (иптакопан) препараты тағайындалған болатын.

ФАБХАЛЬТА препараты инкапсулаланған бактериялардан (*Neisseria meningitidis*, *Streptococcus pneumoniae* және В типті *Haemophilus influenzae*) туындаған ауыр инфекцияларға сезімталдығын арттыруы мүмкін. Бұл инфекцияларға менингит, пневмония және сепсис кіреді. Егер оларды анықтамаса және ерте сатыда емдеуді бастамаса, ауыр инфекциялар жылдам күшейе түсіп, өмірге қауіп төндіруі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, СІЗДІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯҢЫЗДЫҢ БАРЫСЫНДА ТАЛҚЫЛАНАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ҚОЛАЙСЫЗ ҚҰБЫЛЫСТАР ТУРАЛЫ "НОВАРТИС ФАРМА СЕРВИСЭЗ АГ" КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫНА ХАБАРЛАУ КЕРЕК

050022 Алматы қ., Құрманғазы көш. 95-үй

тел.: +7 727 258 24 47

e-mail: drugsafety.cis@novartis.com

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
«ДӘРІЛІК ЗАТТАР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ САРАПТАУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ШЖҚ РМК**

<http://www.ndda.kz>

**Қауіпсіздік жөніндегі қосымша ақпаратты алу үшін ФАБХАЛЬТА
препаратының Қосымша парағын қараңыз.**



Пациенттің аты-жөні: _____

Қан тобы: _____

**Төтенше жағдай болған кезде байланысатын
тұлғаның аты-жөні мен телефон нөмірі:**

**Емдеуді тағайындайтын дәрігердің аты-жөні мен
телефон нөмірі:**



Анықтау

**Бактериялық инфекцияға күдік болған
кезде тиісті бағалауды дереу жүргізу
керек.**



Емдеу

**Менингитке, пневмонияға немесе
сепсиске күдік туындаған кезде
антибиотиктермен емдеуді дереу
бастау өмір үшін маңызды.**



Хабардар ету

**Қосымша ақпарат алу үшін емдеуді
тағайындаған дәрігерге осы картаның
соңғы бетінде көрсетілген телефон
бойынша мүмкіндігінше тезірек
қоңырау шалыңыз.**

Бұл ақпарат тек медициналық және фармацевтикалық мамандарға арналған. Бұл ақпарат медициналық немесе фармацевтикалық көрмелер, семинарлар, конференциялар және басқа да осыған ұқсас іс-шаралар өткізілетін орындарда таратылуы немесе медицина және фармацевтика қызметкерлеріне тікелей берілуі тиіс. Ақпаратты адамдардың оған белгісіз санына қолжетімділікті ашатын кез келген басқа тәсілмен таратуға тыйым салынады.

Қазақстан аумағында ақпараттың таралуына жауапты компания «Новартис Фарма Сервисэз АГ» компаниясының Қазақстан Республикасындағы филиалы, 050022 Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 95, тел.: +7 (727) 258-24-47.

Материал қолданыстағы жергілікті заңнама талаптарына, сондай-ақ Новартис компаниясының ішкі саясаты мен процедураларына сәйкес дайындалған.

Тәжірибедегі дәрігерге көмек ретінде. Тәуекелдерді басқару жоспарына сәйкес шығарылған. Жарлама материалы емес.

"Новартис Фарма Сервисэз АГ" компаниясының
Қазақстан Республикасындағы филиалы
050022 Алматы қ., Құрманғазы көш. 95-үй
тел.: +7 727 258 24 47
e-mail: drugsafety.cis@novartis.com